

**Қазақстан Республикасы Табиғат ресурстары және қоршаған ортаны қорғау
Министрінің 2000 жылғы 24 наурыздағы N 120-П және Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы Министрінің 2000 жылғы 29 наурыздағы N 82 "Қазақстан
Республикасының Еуропа Одағы елдері үшін балық өнімін экспорттауға
дайындайтын кәсіпорындар мен кемелерді есептеу және осы өнім түріне
Ветеринарлық сертификат беру тәртібі туралы Ережесін бекіту туралы" N 1107
тіркелген бірлескен бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2004 жылғы 20 сәуірдегі N 237 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 13 мамырда тіркелді. Тіркеу N 2850. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 25 қазандағы № 18-03/543 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.10.25 № 18-03/543 Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 28 тамыздағы N 931 " Мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Жарлығының 1 тармағының 2-тармақшасына сәйкес бұйырамын:

1. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Реестрінде N 1107 нөмірмен тіркелген Қазақстан Республикасы Табиғат ресурстары және қоршаған ортаны қорғау Министрінің 2000 жылғы 24 наурыздағы N 120-П және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрінің 2000 жылғы 29 наурыздағы N 82 "Қазақстан Республикасының Еуропа Одағы елдері үшін балық өнімін экспорттауға дайындайтын кәсіпорындар мен кемелерді есептеу және осы өнім түріне Ветеринарлық сертификат беру тәртібі туралы Ережесін бекіту туралы" бірлескен бұйрығына мынадай өзгеріс енгізілсін:

1) Еуропа Одағы елдері үшін балық өнімін экспорттауға дайындайтын кәсіпорындар мен кемелерді есептеу және осы өнім түріне Ветеринарлық сертификат беру тәртібі туралы көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ережесі осы бұйрықтың 2-қосымшасына сай жаңа редакцияда мазмұндалсын;

2) 2 т а р м а қ т а :

"Табиғат ресурстарын және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің орман, балық және аңшылық шаруашылығы комитеті" сөзі "Ауыл шаруашылығы

министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті" сөзімен ауыстырылсын;
"Ветеринарлық бақылау департаменті" сөзі "Ветеринария департаменті"
сөзімен ауыстырылсын;

3) 3-тармақ мынадай редакцияда мазмұндалсын:

"Ауыл шаруашылығы министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті
Қазақстан Республикасының Үкіметімен бекітілген тәртіппен осы бұйрықты
Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін";

4) 4-тармақ мынадай редакцияда мазмұндалсын:

"Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Ауыл
шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитетіне (Мұсатаев М.Х.)
және Ветеринария департаментіне (Мыңжанов М.Т.) жүктелсін".

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелген
күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары -*

Министр

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы
Министрінің 2004 жылғы 20 сәуірдегі N 237

"Қазақстан Республикасы Табиғат ресурстары
және қоршаған ортаны қорғау Министрінің
2000 жылғы 24 наурыздағы N 120-П және

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы
Министрінің 2000 жылғы 29 наурыздағы N 82

"Қазақстан Республикасының Еуропа Одағы
елдері үшін балық өнімін экспорттауға
дайындайтын кәсіпорындар мен кемелерді
есептеу және осы өнім түріне
Ветеринарлық сертификат беру тәртібі туралы
Ережесін бекіту туралы" N 1107 тіркелген
бірлескен бұйрығына өзгеріс енгізу туралы"
бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасы Табиғат ресурстарын
және қоршаған ортаны қорғау Министрінің
2000 жылғы 24 наурыздағы N 120-П және

Қазақстан Республикасы - Ауыл шаруашылығы
Министрінің 2000 жылғы 29 наурыздағы N 82

"Қазақстан Республикасының Еуропа Одағы
елдері үшін балық өнімін экспорттауға
дайындайтын кәсіпорындар мен кемелерді

есептеу және осы өнім түріне Ветеринарлық сертификат беру тәртібі туралы Ережесін бекіту жайлы" бірлескен бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасының Еуропа Одағы елдері үшін балық өнімін экспорттауға дайындайтын кәсіпорындар мен кемелерді есептеу және осы өнім түріне ветеринарлық сертификат беру тәртібі туралы Ережесі 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының Еуропа Одағы елдері (ЕО) үшін балық өнімдерін дайындайтын және осы өнім түріне Ветеринарлық сертификат беретін, кәсіпорындар мен кемелерге (ары қарай - кәсіпорын) есептік нөмір берудің бірыңғай тәртібін анықтайды және Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңына, балық өнімдеріне қатысты ЕО-ның директивалары мен шешімдеріне сәйкес жасалынды.

ЕО елдеріне экспорттауға арналған балық өнімдері 91/493/ЕЕС Директиваларының барлық талаптарына және ЕО осы өнімге байланысты басқа да талаптарына жауап беруі керек.

2. Кәсіпорынды инспекциялық тексеру өзіне: кәсіпорынның ішкі бақылау жүйесінің қызмет етуін тексеруді; 93/43 Еуропалық қауымдастық Кеңесі директиваларында мазмұндалған кәсіпорынның қауіпті және сындарлы бақылау нүктелеріне талдау принциптерін ендіруін (НАССР - Hazard Analysis Critical Control Points) (ары қарай - ХАССП) тексеруді;

Кәсіпорынның жеке бақылау зертханасы арқылы жақсы зертханалық тәжірибе (GLP - Good Laboratory Practice) (ары қарай - ЖЗТ) принциптерін іс жүзінде пайдалану тәртібін тексеруді;

бақылау таблицасын ресімдеу негізінде Кәсіпорындардың санитарлық сәйкесті рейтингісін анықтауды қосады.

Инспекциялық тексеруді өткізуді қамтамасыз ету үшін кәсіпорын жетекшісі тиісті құжаттарды тапсырады және қамтамасыз етеді:

өндірістік және қызмет орындарына еркін кіруін; осы Кәсіпорынның мамандарын тарту мүмкіндігін және техникалық құралдарын пайдалануын;

экспортқа шығару үшін дайындалатын өнім, су, көмекші материалдарды жартылай өнімді, шикізат үлгісін тексеруге алуды оларды жеткізуге және арнайы дайындалған ветеринарлы-санитарлы сараптау зертханада зерттеуін.

2. Осы Ережеде пайдаланылған негізгі түсініктер

3. Осы Ережеде мынадай түсініктер пайдаланылады:

1) ХАССП - (қауіпті және бақылаудың сындарлы нүктелеріне талдау) өнімнің қауіпсіздігіне елеулі әсер ететін қауіпті факторларды басқару мен жүйелі бағалауды қарастыратын концепция;

2) ХАССП жүйесі - ХАССП-ны іске асыру үшін қажетті ұйымдастырушылық құрылымның, құжаттардың, өндірістік процестің және қорлардың жиынтығы;

3) қауіптілік - адам денсаулығына зиянның қарымды көзі;

4) бақылаудың сындарлы нүктесі - қауіпті факторды сәйкестендіру үшін бақылау өткізу орны;

5) ішкі бақылау - Кәсіпорын қызметкерлерімен өткізілетін инспекциялық тексеруді жүзеге асыратын тексеру;

6) сараптау актісі - ветеринарлық зертхананың мемлекеттік бақылау объектілеріне ветеринарлық-санитарлық сараптау немесе диагностиканың нәтижесі бойынша оның Қазақстан Республикасы заңнама талаптарына сәйкестігін дәлелдейтін, сондай-ақ оларды пайдалануға ұсынатын құжат;

7) ветеринарлық-санитарлық сараптау зертханасы - базарларда және (немесе) басқа жерлерде таратылатын жануарлардың шикізаты мен өнімдеріне ветеринарлық-санитарлық сараптау жүргізуші заңды тұлға немесе заңды тұлғаның мамандандырылған бөлімшесі;

8) ветеринарлық құжаттар - мемлекеттік ветеринарлық объектілеріне ветеринария саласында уәкілетті мемлекеттік органның белгілеген тәртібімен ветеринарлық инспекторлары беретін ветеринарлық-санитарлық қорытынды, ветеринарлық куәлік, ветеринарлық сертификат, ветеринарлық анықтама.

3. Есептік нөмір алу үшін кәсіпорындарға қойылар негізгі талаптар

4. Кәсіпорын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 1999 жылғы 1 қарашадағы N 181 бұйрығымен бекітілген балық өнімдерін өндіру мен тарату жөніндегі кәсіпорындар үшін Ветеринарлық-санитарлық ережелер мен нормалардың барлық талаптарын орындауы тиіс.

5. Кәсіпорын ішкі бақылау жүйесін ендіру мен қызмет істеуін қамтамасыз етуі тиіс.

6. Кәсіпорын ХАССП принциптерін, сондай-ақ кәсіпорынның жеке бақылау зертханалары арқылы ЖЗТ-ендіруі керек және осы жүйелерді ендіруді растайтын құжаттарды тапсырады.

4. Есептік нөмір алу үшін берілетін құжаттар тізімі

7. Балық өнімдерін ЕО елдеріне экспорттауға талапкер кәсіпорындар есептік нөмір алу үшін келесі құжаттар беруі тиіс:

1) осы Ереженің 1 қосымшасына сай ЕО елдеріне балық өнімдерін экспорттау үшін есептік нөмір алуға кәсіпорынның өтінімі;

2) осы Ереженің 2 қосымшасына сай облыстың бас мемлекеттік инспекторының кәсіпорында ветеринарлық-санитарлық ереже мен нормалардың сақталуы туралы ветеринарлық-санитарлық қорытындысы;

3) осы Ереженің 3 қосымшасына сай кәсіпорындағы ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру мен қызмет істеуі жөніндегі құжаттар.

5. Есеп нөмірін берудің тәртібі

8. Кәсіпорын ветеринарлық-санитарлық ережесі мен нормасы талаптарының орындалуы жөнінде арнайы қорытынды алу үшін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы шаруашылығы министрлігінің аймақтық басқармасына өтінім б е р е д і .

9. Облыстық (қалалық) бас ветеринарлық инспектор 10 күн ішінде ветеринарлық-санитарлық қорытынды жасайды.

10. Кәсіпорын осы Ереженің 4 бөлімінде тізбеде көрсетілген құжаттарды, ЕО елдеріне балық өнімін экспорттау үшін есептік нөмір алуға Министрлікке ж і б е р е д і .

11. Министрлік Балық шаруашылығы комитеті мен Ветеринарлық департаменті қызметкерлері мамандарынан комиссия (ары қарай - Комиссия) қ ұ р а д ы .

12. Өтінім алғаннан кейін 20 күн ішінде Комиссия кәсіпорынға шығу арқылы кәсіпорынның ХАССП принциптерінің ендірілуін, кәсіпорынның жеке бақылау зертханасы арқылы, ЖЗТ-тың іс жүзінде қолдануына инспекторлық тексеру жүргізеді және Осы Ереженің 5 қосымшасына сәйкес бақылау таблицасын ресімдеу негізінде балық өңдеу кәсіпорынның санитарлық сәйкестігінің рейтингісін а н ы қ т а й д ы .

13. Комиссия инспекторлық тексерудің қорытындысы бойынша Балық шаруашылығы комитетіне есептік нөмір беру немесе бермеу туралы жазбаша түсіндірілген ұ сы ны с ж а с а й д ы .

14. Министрліктің Балық шаруашылығы комитеті 5 күн көлемінде инспекторлық тексеруден кейін келіп түскен құжаттарды қарайды және Ветеринарлық департаментінің келісімімен кәсіпорынға ЕО Комиссия (ары қарай - ЕОК) тізіліміне тіркеу үшін жіберілетін есеп нөмірін береді.

15. Балық шаруашылығы комитеті ЕОК-дан Кәсіпорынды ЕО елдеріне балық өнімін экспортқа шығаратын кәсіпорын реестріне тіркеу туралы растама алған

соң кәсіпорынға есеп нөмірін алғанын растайтын осы Ереженің 7 қосымшасына
с а й р а с т а м а б е р е д і .

Өтінімнен ауытқушылық болған жағдайда Комитет Кәсіпорынға ол жайлы 5 күн ішінде ауытқушылықты негіздеп хабарлайды.

6. Еуропа Одағы елдеріне экспортталатын өнімге Ветеринарлық сертификат беру

16. Ветеринарлық сертификат әрбір экспортталатын өнімге қолданыстағы заңнамалар тәртібімен осы Ереженің 6 қосымшасындағы үлгіге сай, шекара мен көліктерде ветеринарлық бақылаудың мемлекеттік басқармасының аймақтық, ветеринарлық инспекторлары ветеринарлық куәлікпен ауыстыру арқылы беріледі . Ветеринарлық куәлік Министрліктің аймақтық басқармасының ветеринарлық инспекторымен 4 қосымшадағы үлгіге сай ветеринарлық зертхананың актісі негізінде белгіленген заңнамалық тәртіппен беріледі.

Балық өнімдеріне, сондай-ақ технологиялық процеске пайдаланылған суларға ветеринарлық-санитарлық сараптауды белгіленген заңнамалық тәртіппен аттестацияланған ветеринарлық зертханалар ғана жүргізе алады.

7. Қорытынды ережелер

17. Кәсіпорынның ветеринарлық-санитарлық ереже талаптарын орындамағаны және кәсіпорында ішкі бақылау жүйесінің, ХАССП пен ЖЗТ, толық еместігі анықталған жағдайда Балық шаруашылығы комитеті Ветеринариялық департаментінің келісімі бойынша кәсіпорынды есептік нөмірінен айыруға құқылы.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Е у р о п а О д а ғ ы е л д е р і ү ш і н
б а л ы қ ө н і м д е р і н э к с п о р т т а у ғ а
д а й ы н д а й т ы н к ә с і п о р ы н д а р м е н
к е м е л е р д і е с е п т е у ж ә н е о с ы
ө н і м т ү р і н е В е т е р и н а р л ы қ
с е р т и ф и к а т б е р у т ә р т і б і
т у р а л ы Е р е ж е с і н е
1 қосымша

Еуропа Одағы елдеріне балық өнімін экспорттау үшін кәсіпорынға есептік нөмір алуға

Өтінім

1. Балық өңдеуші кәсіпорын аты және мекен-жайы немесе кемең аты мен түрі

2. Балық өңдеуші кәсіпорын немесе кеме кіретін ұйымның аты, оның мекен-жайы немесе кеме иесінің аты мен мекен-жайы

3. Кәсіпорын немесе кемең қысқаша мінездемесі: жаңа соғылған немесе ж е т і л д і р і л г е н

Кәсіпорын немесе кемең нөмірін көрсету (егер консервілер, пресервтер, уылдырық өндіретін болса).

4. Экспортталатын балық өнімінің түрлері

Ж е т е к ш і

(қолдың таратылуы)

Жеке қолы

Мөр

Қазақстан Республикасының
Еуропа Одағы елдері үшін
балық өнімдерін экспорттауға
дайындайтын кәсіпорындар мен
кемелерді есептеу және осы
өнім түріне Ветеринарлық
сертификат беру тәртібі
туралы Ережесіне

2 қосымша

Ветеринарлық-санитарлық қорытынды

Облыстың (қаланың) Бас мемлекеттік ветеринарлық инспекторының ветеринарлық-санитарлық қорытынды береді:

1. Кәсіпорындағы технологиялық процестің сызбалық көрінісінің орнатылған

нормаға сәйкестігі туралы. Мұнымен қоса міндетті түрде мынаны көрсетуі керек:

өндірістік орын мен қосымша құрылыстың бар саны;
машинаның және жабдықтың орналасуы мен техникалық параметр тәртібі;
қызмет істеп тұрған технологиялық сызба (қосымша ендіру, процестің
ұ з а қ т ы ғ ы) ;

технологиялық процестің техникалық параметрі (температурасы, ұзақтығы);
өнімді цех іші мен зауыт ішінде тасымалдау тәртібі;
таза және лас аймақтың бар саны;
жабдықтарды тазалау мен уытсыздандырудың қызмет істеп тұрған тәртібі;
кәсіпорында тұрмыстық орындар мен қосымша аймақта гигиеналық
шараларды жүзеге асыру деңгейі;
қызметкерлердің жеке гигиенаны сақтау тәртібі;
өнімді сақтау мен өткізу жағдайы.

2. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 1999 жылғы 1 қарашадағы N 181 "Балық өнімдерін өндіру мен тарату жөніндегі кәсіпорындар үшін ветеринарлық-санитарлық ереже мен нормаларда" айтылған талаптардың орындалуы туралы.

3. Кәсіпорындардың ХАССП принциптерін ендіру мен ХЛП принциптерін кәсіпорынның жеке бақылау зертханалары арқылы тәжірибеде пайдалануы
т у р а л ы .

Қорытынды берерде өнім түрін көрсетеді

Қазақстан Республикасының
Еуропа Одағы елдері үшін
балық өнімдерін экспорттауға
дайындайтын кәсіпорындар мен
кемелерді есептеу және осы
өнім түріне Ветеринарлық
сертификат беру тәртібі
туралы Ережесіне
3 қосымша

Кәсіпорындарда ішкі бақылау жүйесінің қызметін дәлелдейтін құжаттар

1. Кәсіпорын жетекшісінің экспортталатын өнім сапасын бақылайтын топ құру жайлы бұйрық көшірмесі.

2. Өнім сапасына жауаптыны көрсеткен топ құралы және микробиологиялық, тазалық-техникалық бақылау мен тамақ өнімдерін өндіру технологиясы жөнінде

мамандығын растайтын топтың тізімі.

3. Өнімді сипаттау:

құрамы;

физика-химиялық және микробиологиялық қасиеті;

өңдеу тәсілі;

ресімдеу мен орау;

жарау мерзімі;

технологиялық сызба (қосымша ендіру, процестің ұзақтығы).

4. Өнімнің тікелей тұтыну үшін арналғандығы немесе одан ары қарай өндіру
жайлы анықтама.

5. Өнім өндіру технологиялық үлгісіндегі қауіп түрлері тізбесі мен оларды
жою шаралары.

6. Сындарлы нүктелерге бақылау мен қадағалаудың технологиялық үлгісі.

7. Кәсіпорында ХАССП принциптерінің қызмет істеуі ЖЗТ принциптерінің
жеке зертханасы арқылы іс жүзінде пайдалану жөніндегі кітап.

Қазақстан Республикасының
Еуропа Одағы елдері үшін
балық өнімдерін экспорттауға
дайындайтын кәсіпорындар мен
кемелерді есептеу және осы
өнім түріне Ветеринарлық
сертификат беру тәртібі
туралы Ережесіне
4 қосымша

Кімге _____

Ветеринарлық _____ заңды тұлғаның аталуы, жеке
зертхананың _____ тұлғаның аты-жөні, материалдың
мөртабаны _____ иесінің аты-жөні

Мекен-жайы _____

Сараптау актісі N _____

Материалдың / өнімнің жеткізілген айы, күні, жылы _____

Ветеринарлық зертхананың серіктестірілген құжаттарды тіркеу нөмірі _____

Материалдың аталуы және сипаттамасы _____

Жүктің жалпы саны _____ сынама алынды _____

шт. тонн. лит. _____ шт.

Өндірген ел, өндірілген уақыты, сақталу мерзімі _____

Қолданған бақылау материалдары (диагностикумдар) _____

Тексерудің тәсілдері және орындау барысы:

Сараптаудың қорытындысы _____

Тұжырым _____

Сараптама актісі берілген айы, күні "___" _____ 200 ж.

Сараптама актісінің жарамды мерзімі "___" _____ 200 ж.

Ветеринариялық зертхананың жетекшісі _____

а т ы - ж ө н і , қ о л ы

Бөлім меңгерушісі _____

а т ы - ж ө н і , қ о л ы

Орындаушы, ветеринариялық маман _____

а т ы - ж ө н і , қ о л ы

Қазақстан

Республикасының

Еуропа

Одағы

елдері

үшін

балық

өнімдерін

экспорттауға

дайындайтын

кәсіпорындар

мен

кемелерді

есептеу

және

осы

өнім

түріне

Ветеринарлық

сертификат

беру

тәртібі

туралы

Ережесіне

5 қосымша

Балық өңдеу кәсіпорындарында санитарлық сәйкестік рейтингісін анықтайтын бақылау таблицасы

Бұл қосымша құзырлы ұйымның кәсіпорынды ХАССП талаптарына сәйкестігін инспекциялаудың негізгі бөлігі болып табылады, оны міндетті пайдалану балық өнімін ЕО елдеріне экспорттауда жіберілетін құжаттар тізіміне к і р е д і .

Инспектордың тексерілуші балық өңдеуші кәсіпорынның атауы мен мекен-жайы:

Т е л е ф о н н ө м і р і :
 Инспекция жасалу мерзімі:
 Кәсіпорын иесі туралы мәлімет:
 Инспектордың аты-жөні мен статусы:
 Инспекторды алып жүрушінің аты-жөні:
 Өндірілілетін өнім түрлері:

Ақаулардың топтастырылуы	Тағайындалған Инспектордың тапшылықтың ең тапшылық жоғарғы нүктесі нүктесі
--------------------------	--

1	2	3
---	---	---

1. Қозғалмайтын мүлік

- | | | |
|----|---|---|
| 1. | Жабдықтардың дұрыс қойылмауы, өндіріс қалдықтарымен, жарамды қалдықтар мен қоқыстармен кірленуі | 4 |
| 2. | Шаң жолдары, шалшықтар, тұрақ орындары | 4 |
| 3. | Құрғату жүйесінің дұрыс еместігі | 3 |
| 4. | Кәсіпорынның санитарлық жағдайы | 4 |

2. Шикізат

- | | | |
|----|--|----------|
| 1. | Алдамшылық | сындарлы |
| 2. | Бұзылу іздері | сындарлы |
| 3. | Орау материалдары санитарлық нормаға сәйкестендірілмеген | 4 |

3. Ғимараттың соғылуы

- | | | |
|----|---|----------|
| 1. | Дизайны, материалдары, қабырғалар құрылысы, едені, төбесі санитарлық нормалар мен стандартқа жауап бермейді | 4 |
| 2. | Балық сақтауға пайдаланатын орындарда төбесінен су ағады | сындарлы |
| 3. | Есік және терезелер арнайы сеткалармен немесе жәндіктерден, кемірушілер мен басқа да жануарлардан қорғау құралдарымен қорғалмаған | 4 |
| 4. | Жәндіктерден қорғану жоқ (майда | |

шыбындарға қарсы сетка)				сындарлы	
5. Ауа перделері, жағдайда санитарлық	оларды нормаға	қолданар сәйкес			
к е л м е й д і					3
6. Есіктер өздігінен сыртқа қарай ашылмайды	жабылмайды	және			3
7. Өндірістік орындар тұрғын үй ауданына қарай	гараж, тура шығады	қойма			4
8. Өндірістік цехтарының орналаспауынан жеуге		дұрыс жарамсыз			
өнімдердің үстінен	жарайтындарға				
кездейсоқтық ауысулар жүріп жатады	сындарлы				

4 . Ж а р ы қ т а н у

1. Тиімсіз жарықтанған					5
2. Лампалар, орындарындағы немесе қорғаушылары жоқ	әсіресе қауіпсіздендірілмеген	өндіріс			5

5 . Ж е л д е т к і ш

1. Өндіріс және конденсаттардың жиналуы	қойма	орындарында			5
2. Өндіріс және көгерулердің нақты болуы	қойма	орындарында			3
3. Жаман иістердің болуы					5
4. Желдеткіш фильтрлерінің жоқтығы	жүйесінің сындарлы	тазалағыш			

6. Сумен қамтамасыз ету

1. Ыстық және қамтамасыз етілмеуі	суық	сумен	дұрыс		5
2. Оңайшылықпен қол жетпеуі					4
3. Су тазалағыш сүзгіштерінің жоқтығы				сындарлы	
4. Судың қауіпсіздік суды қамту қауіпті болса	сертификаты,	егер		сындарлы	
5. Теңіз және пайдаланылды	көл	сулары	мақсатсыз	сындарлы	
6. Су жібергіш пайдаланылмайды	құрылымдар сындарлы	мақсатқа	сай		

7 . М ұ з

1. Талапқа жасалған	сәйкестендірілмеген	судан		сындарлы	
------------------------	---------------------	-------	--	----------	--

2. Санитарлық нормаға сәйкестендірілмей сақталады сындарлы
3. Бір реттен көп пайдаланылады сындарлы
8. Қалдықтарды кәдеге жарату
1. Сұйық қалдықтардың кәдеге дұрыс жаратылмауы 5
2. Құрғақ қалдықтар сәйкес келмейтін контейнерде сақталады және сәйкестендірілмеген зауыт аумағында 3
3. Қалдықтар контейнерге тура келмейді және жабылмаған 3
4. Қалдықтарды кәдеге жарату санитарлық нормаларды сақтамай және дер кезінде жүргізілмейді 4
9. Әжетхана орындарының орналасуы
1. Әжетханалар санының жетіспеушілігі 5
2. Әжетханалық қағаздардың жоқтығы 5
3. Есіктері жабылмайды, не толық жабылмайды немесе тура цехқа қарай шығады Антисанитарлық жағдайда, жөндеуді қажет етеді 5
4. Қол жуу туралы хабар тақтасының жоқтығы 3
5. Ыстық су жоқтығы 4
6. Сабынның жоқтығы 5
7. Қол кептірушінің жоқтығы 5
8. Қоқыс жәшігінің жоқтығы 4
9. Сыртқа шығу тесігінің жоқтығы 5
10. Жабдықтар мен ыдыстар
1. Өнімге тиетін құралдардың уытты татбасуға бейім материалдан жасалған сындарлы
2. Таразы балық етіне арналған үстел, таразы үстелі, орау үстелі және басқа жабдықтар татбасуға бейім материалдардан жасалған 5
3. Жабдықтар құрылысы оларды жууға және дезинфекциялауға қолайсыз жасалған 5
4. Құрылысы сондай - онда ыдыстарды жеңіл жууға, оны инспекциялауға мүмкіндік бермейді 5

5. Жабдықтар, контейнерлер және ыдыстар ескірген

11. Жинау, тазалау және сауықтыру
1. Ыдыстардың жеткіліксіз шайылуы мен өнімге тиетін құралдардың сауықтырылмауы 5

2. Тазалаудың сапасыз әдістері сындарлы

3. Тазалауға пайдаланылатын химикаттар дұрыс белгіленбеген немесе жиналмаған 5

4. Тазалау мен дезинфекциялауға тыйым салынған химикаттарды пайдалануы сындарлы

5. Қабылдау, өндіріс және шикізат пен дайын өнімді сақтау орындары антисанитариялық жағдайда 4

12. Әдістер

1. Жұқтыруға әкеліп соғатын әдістер сындарлы

2. Өнімді бүлдіруге әкеп соғатын әдістер 5

13. Санитарлық бақылау

1. Ішкі санитарлық бақылау бағдарламасының жоқтығы 5

2. Шикізатқа санитарлық бақылау өнімді жеткіліксіз қорғайды 5

3. Дайын өнімге санитарлық бақылау өнімді жеткіліксіз қорғайды сындарлы

4. Бақылау мен тестілеу нәтижелері инспекторларға берілмеген сындарлы

14. Жәндіктерге, құстар мен жануарларға бақылау

1. Құстар мен жануарлар зауыт аумағынан алыстатылмаған 5

2. Жәндіктер мен зиянкестерге бақылау тиімсіз 5

3. Зиянкестер мен жәндіктермен күрес құралы Қазақстанның құзыретті органдарымен мақұлданбаған сындарлы

4. Зиянкестер мен жәндіктермен күрес құралының дұрыс пайдаланбауы мен сақталуы сындарлы

15. Мұздатқыш жабдықтары

1. Шикізат пен дайын өнімді жеткіліксіз мұздатады сындарлы

2. Жабдықтар өнімді тоңазытылған қалыпта сақтамайды сындарлы
3. Жабдық дизайны өнімнің бүлінуіне әкеледі сындарлы
4. Рефрижераторлық орындарда термометрдің жоқтығы 5
5. Мұздатқыш қондырғыларының тоңазытқыш бөлімінде оңтайлы температураны сақтауды қамтамасыз ететін бақылау құралының болмауы сындарлы

16. Қойма орындары

1. Өнімнің бұзылмау мүмкіндігі шығарылмаған сындарлы
2. Антисанитарлық жағдайда сақталған, жөндеуді қажет етеді 5
3. Бұзылудан сақтандыру үшін өнімнің астына төсегіштер, полкалар, шкафтар пайдаланылмайды 5

17. Автомобильдер мен көліктер

1. Олардың құрылысы сондай - оларда өнімнің бұзылуы мен жұғуы мүмкін сындарлы
2. Дұрыс пайдаланбайды, антисанитарлық жағдайда 3
3. 40 ° C температуралық жағдай жоқ немесе өнімді салқындату үшін төмен сындарлы
4. 0 ° C температуралық жағдай жоқ немесе мұздатылған өнім үшін төмен сындарлы

18. Қызметкерлер

1. Зауыттағы жұмыс істеуші қызметкерлердің көптігі басқа қызметкерлер мен өнімге жұғуды әкелуі мүмкін сындарлы
2. Басшылар жұмысшылардың денсаулығы жайлы анықтаманы талап етпейді сындарлы
3. Арнаулы қызметкерлер гигиеналық талаптарға жауап бермейтін киім киеді сындарлы
4. Арнаулы қызметкерлер қолдарын жумайды
5. Арнаулы қызметкерлер өніммен жұмыс

кезінде сәндік бұйымдарын (сақина т.б.)	
ш е ш п е й д і	5
6. Қолғаппен жүретін арнаулы қызметкерлер олары санитарлық өңдеуден өткізбейді	5
7. Арнаулы қызметкерлер орамал, бас киімдер кимейді	5
8. Арнаулы қызметкерлер өз заттарын сай келмейтін орындарда сақтайды, жұмыс орындарында темекі шегеді, тамақ ішеді	5
9. Арнаулы қызметкерлер өнімдерді микроорганизмдермен ұрықтандыруды болдырмау жөнінде шараларды қолданбайды	сындарлы
	19. Оқу және тренинг
1. Тазалыққа жауапты қызметкер нақты білім мен тәжірибені меңгермеген	5
2. Жұмысшылар мен бақылаушылар мамандық жетілдіруден өтпеген	5
	20. ХАССП
1. ХАССП принциптерін детальді пайдалану	сындарлы
2. ХАССП жүйесі жөнінде дұрыс жазбалар ендіру	сындарлы
	21. Қадағалау мен бақылау
1. Қызметкердің осы құжат талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету жауапкершілігі тиісті қызметкер үшін нақты анықталмаған	сындарлы
	22. ХАССП
1. ХАССП принциптерін детальді пайдалану	сындарлы
2. Кәсіпорын басшысының берілгендігі	сындарлы
3. Координатор мен команданың барлығы	нақты сындарлы
4. Қауіптілікті анықтау талдауы	сындарлы
5. КТК анықтау	сындарлы
6. Ендірілген ХАССП, пайдаланылуы және бақылаулы	сындарлы
7. ХАССП жүйесін жазуды ендірудің сәйкестігі	сындарлы
Барлығы	II бөлім
	с о м а с ы -

І І І б ө л і м
с о м а с ы *
1 0 0 / І І
б ө л і м
с о м а с ы

Санитарлық рейтингінің сәйкестігі есептеу Белгіленген
рейтинг
Егер 70-тен кем болса, онда өнім ветеринарлық-санитарлық нормалар талабына
жауап бермеген болады.

Қазақстан Республикасының
Еуропа Одағы елдері үшін
балық өнімдерін экспорттауға
дайындайтын кәсіпорындар мен
кемелерді есептеу және осы
өнім түріне Ветеринарлық
сертификат беру тәртібі
туралы Ережесіне
6 қосымша

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі
Сараптау жағының өкілетті органы

Ветеринарлық сертификат

**Еуропа орталығымен мақұлданған, кәсіпорынан экспортталатын балық
шаруашылық өнімдері мен авакультураларға**

N _____

(мерзімі)

(Берілген орны)

I. Жіберуші жақ: _____

Жауапты қызметші: _____

1. Өнімнің тепе-теңдігін анықтау

Балық жануарлары өнімін тізбелеу (1): _____

Түрі (ғылыми аталуы): _____

Жеткізу мен өнімді өңдеу түрі (2): _____

Коды ТНВЭД (егер болса): _____

Орау түрі: _____

Орау бірлігінің саны: _____

Таза салмағы: _____

Сақтау мен тасымалдау температурасы: _____

2. Балық өнімінің шығуы

Кәсіпорынның, көліктің немесе мұздатқыштың атауы және ЕО растаған нөмірі: _____

Ө н і м а р н а л ғ а н

Өнім _____
(жіберушінің орны)

нен: _____
(ел және жіберілген орны)

көлік құралымен жіберілді: _____

Жіберушінің мекен-жайы мен атауы: _____

Қабылдаушының мекен-жайы мен атауы: _____

II. Денсаулығын растау

Мемлекеттік ветеринарлық дәрігер, балық өнімінің:

1. Аулану мен кемеде сақталуы ЕО Кеңесінің 92/48ЕЕС директиваларының талаптарына сәйкестігін растайды.

2. Балық өнімдері ЕО Кеңесінің 91/493/ЕЕС директиваларының 2, 3 және 4 бөлімдерінің қосымшаларында көрсетілген гигиеналық нормаларды сақтай отырып түсірілген, сақталған, егер керек болса оралған, дайындалған, өңделген, мұздатылған, ерітілген және жиналған болуы керек.

3. ЕО Кеңесінің 91/493/ЕЕС директиваларының 5 бөлімі қосымшаларында көрсетілгендей зерттелген.

4. ЕО Кеңесінің 91/493/ЕЕС директиваларының қосымшаларында VI, VII және VIII бөлімдерінің талаптарына сәйкес оралған, белгіленген, жиналған және т а с ы м а л д а н ғ а н .

5. Улы немесе биотоксинді балықтардан дайындалмаған.

6. Органолептикалық бағаланды, ЕО Кеңесінің 91/493/ЕЕС директивалары және оның енгізілген шешімдеріне сәйкес бекітілген балық категорияларына паразитологиялық, химиялық және микробиологиялық зерттеулер орындалды.

Төмендегі қол қойған мемлекеттік ветеринарлық дәрігер ЕО Кеңесінің 91/493/ЕЕС, 92/48/ЕЕС директивалары мен ЕО Кеңесінің 2002/862/СЕ шешімдерімен танысқанын растайды.

лауазымы

Мөр (3)

Қолы (3)

Т о л т ы р у ш ы

Аты-жөні

т ұ л ғ а н ы ң

К е р е к е м е с і н с ы з ы п қ о й

(1) тірі, салқындатылған, мұздатылған, тұздалған, кептірілген, консервіленген
ж ә н е б а с қ а .

(2) қол мен мөрдiң түсi мätiн түсiнен ерекше бiлiнiп тұруы керек.

Қазақстан Республикасының
Еуропа Одағы елдері үшін
балық өнімдерін экспорттауға
дайындайтын кәсіпорындар мен
кемелерді есептеу және осы
өнім түріне Ветеринарлық
сертификат беру тәртібі
туралы Ережесіне
7 қосымша

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігі

**Балық шаруашылығы комитеті Балық өнімдерін Еуропа Одағы елдеріне
экспорттауға құқық алу үшін есептік нөмір беруді**

РАСТАУ

Осы растама _____

(заңды тұлғаның толық атауы)

балық өнімін дайындаушы _____

(балық өнім түрін көрсету)

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2004 жылғы " __ " __
_____N_____ бұйрығымен бекітілген "Қазақстан Республикасының
Еуропа Одағы елдері үшін балық өнімдерін экспорттауға дайындайтын
кәсіпорындар мен кемелерді есептеу және осы өнім түріне Ветеринарлық
сертификат беру Ережесіне" сәйкес оған балық өнімдерін ЕО елдеріне
экспорттауға құқық алуға 200__ж. " __ " _____ есептік нөмір _____
берілді.

Б а л ы қ ш а р у а ш ы л ы ғ ы

комитетінің төрағасы

_____ (қолы)

_____ (Аты-жөні)

М.О.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК